

## **№7 Дәріс. Саясат философиясындағы саяси биліктің мәні**

**Дәрістің мақсаты:** Саясат философиясындағы саяси билік, саяси қатынастар билік сатысы ретінде, қарастырылып оның қоғамда алатын ролі мен қызмет ету механизмдері қарастырылады.

### **Дәріс жоспары:**

1. Саяси қатынастар билік сатысы ретінде
2. Саяси биліктің әлеуметтік негізі
3. Саяси билік – қоғам өміріндегі ролі

Биліктің жалпы сипаттамасы. Саясат - бұл билік, дегенмен барлық билік саяси сипатқа ие болмайды. Билік - ең сырлы құбылыс. Не үшін жас мұрагерге үлкен саяси тәжірибесі бар қарт адамдар бағынады? Неліктен бала билік үшін туған әкесіне қарсы шығып, сарай төңкерісіне белсенді қатысады? Материалдық жағынан ол түгелімен қамтамасыздандырылған болса да, билікке ұмытылуы материалды факторларымен түсіндіріледі.

Бұл жағдайдың, әрине, материалдық жағының да орны бар, әсіресе саясаткер үшін. Алайда ол тек қалыптасқан қоғамдық буржуазиялық қатынастар дәуірінде пайда болды, бұл кезде адам енді ғана феодалдық кісеннен құтылып, енді оның амандығы көбінесе өзінің тапқырлығына байланысты бола бастады. Ал капиталистікке дейінгі класстық қоғамдарда билікте бай адамдар тұрған болатын және оларды материалдық мәселелер онша уайымдатқан жоқ. Оның үстіне көп жағдайда олар өз байлықтарын билікке келу үшін пайдаланды, оған мысал ретінде антикалық Рим тарихын алса болады. Сондай-ақ буржуазиялық елдерде де ең алдымен бай болып, ал содан кейін билікке келеді, өйткені байлық қоғамда белгілі бір орынды иеленуге, билікке қол жеткізгендермен байланыс орнатуға, өзіне команда жинауға және өзінің, мысалға айтсақ, президентке кандидаттық ниетінді хабарлауға мүмкіндік тудырады.

Олай болса, адамды бай қылатын билік емес, керісінше, байлық оған билікке келу мүмкіндігін береді. Биліктің қайнар көзін қайдан іздеу керек? Кейбіреулер оны тек адамның табиғатынан іздеуді ұсынады (I Наполеон табиғатынан билікке құмар болды, сондықтан император атанды), келесілері – тек әлеуметтік жағдайлардан (I Наполеон император атанды, өйткені сол кездегі Франция императорды қажетсінді). Екі көзқарас та ақырғы шектер болып саналады деп ойлаймын, себебі алғашқысы қоғам мен табиғат арасында ешқандай сапалық айырмашылықты көрмейді және әлеуметтік өмірді биологизациялайды, ал екіншісі социумды ұзақ эволюция үрдісі кезінде өзін тудырған табиғаттан айырады. Билік – биоәлеуметтік құбылыс. Бұл биліктің нышандары адамдарға табиғаттан мұра ретінде қалатынын білдіреді. Жануарлар әлемінде “субординация” ұғымы бар екені езбелік ақиқат. Маймылдар тобының бастаушысы қалған маймылдар үстінен үлкен

“билікті” “иемденеді” және олар бұны жақсы сезеді. Ондай бастаушысыз кез келген жануарлар тобы мерт болуы мүмкін, өйткені бағдарды жоғалтып алып, тіршілік үшін күрестің қатыгездігінде өмірдің жаңа жағдайларына икемделе алмайды.

Яғни, табиғаттың өзі жануарлар қоғамдастығының ішіндегі біреуінің “билікті” иемденіп, әр түрлі жағдайларда бастаушы ролін ойнау туралы ойланып қойды. Бұл “билікке” ол өзі іспеттестермен күресу нәтижесінде қол жеткізеді. Басқалардан мықтырақ болып, ол қалғандарды өзіне бағындырады. Алайда бұл үрдістер табиғатта орын алады, мұнда бәрі стихиялық түрде болып, барлығы өзін-өзі сақтау түйсігіне бағындырылған. Табиғатқа қоғамдық өмір ұғымын қолдануға болмайды, сондықтан, менің ойымша, поляк әлеуметтанушының позициясымен келісуге болмайды, ол “қоғамдық өмірдің” жеткілікті түрде кең ұғым екенін айтады. Бұл ұғым, сондай-ақ, өсімдіктер ортасында әрі жануарлар топтарында болатын құбылыстарды да қамтиды. Яғни, қоғамдық өмір тек адамдар әлеміне ғана тән емес. Қоғамдық өмір ұғымы тек адамзат қоғамдастығына ғана қолданылуы мүмкін, себебі материалдық және рухани құндылықтарды өндіру қызметінің ортақ формасы ретіндегі қоғамдық өмір тек адамдар арасында ғана орын алады. Осы қызмет үрдісінде қоғамдық қатынастар пайда болады (материалдық және идеологиялық). Жануарлар әлемінде бір-біріне деген ондай қатынастар жоқ, ал адамдардың бірлескен өмір сүруі бұл қатынастарсыз мүмкін емес. Және де бастаушының “билігі” әлеуметтік емес, табиғи сипатқа ие. Табиғатта ешқандай, соның ішінде өктемшіл қатынастар жоқ.

Негізінде, кез келген дені сау адамның өзіне іспеттестер үстінен билік етуге бейім. Басқаша айтқанда, билікке құмарлық барлықтарға тән, бірақ кейбіреулерде бұл құмарлық айқын көрінеді, ал кейбіреулерде әлсіз. Билік нышандарының көрінуі әлеуметтік ортаға байланысты. Егер Корсика Наполеонның туылғанынан 3 ай бұрын Францияға қосылмағанда және Ұлы француз революциясы басталмағанда, ол Франция императоры атанбайтын еді. Билікті іске асыру үшін кем дегенде 2 жақ қажет; Бір жағы бұйрықтар береді, ал келесісі оларды орындайды. Басқаша айтқанда, билікті қатынастарда билік субъектісі мен билік объектісін ажырата алу керек. Субъект объектіге бұйырады, ал объект бағынады, өйткені бағынбаушылық жазаға әкеліп соқтыруы тиіс. Билік субъектісі ретінде индивидтер, өздерінің өкілдері арқылы топтар мен класстар шығуы мүмкін. Дәл осы билік объектісіне де қатысты. Билік субъектісі және объектісі өзара орын ауысуы мүмкін. Субъект объектіге, ал объект субъектіге айналады. Министр өзінің қол астындағылары үшін билік субъектісі ретінде, бірақ одан жоғары тұрған жетекшілер үшін билік объектісі ретінде танылады. Билік субъектісіне бағыну осы субъектінің бұйрықтарын қажеттілікпен орындау қарым-қатынастарын талап етеді. АҚШ Президенті бүкіл мемлекет территориясының ішінде бұйрықтар береді, өйткені ол америкалық саяси институттары бойынша мемлекет азаматтарын басқару құқығын беретін жоғары билікке ие. Бірақ ол басқа елдерге қандай болсын бұйрық беруге еш құқығы жоқ. Билік ұғымына қандай да бір анықтама беру өте қиын. Поляк

зерттеушісі Е.Вятр оған былай анықтама берген: “Бұйрық берілген адамның бағынуға міндетті болған кездегі бұйрық беру мүмкіндігі”. Бағынусыз билік жоқ, алайда билік бұйрықсыз да іске асуы мүмкін.

Мысалға, абыздар, көріпкелдер немесе пайғамбар, т.б. билігі. Дін билігіне тіпті Александр Македонский секілді ұлы қолбасшылар да бағынды. Парсы қаласы Газуды қоршау кезіндегі македониялық патшаның жүрісін антикалық тарихшы Квинт Курций Руф былай сипаттайды: “Күн шыққан кезде өз әскерін бастамас бұрын, ол дәстүр бойынша құдайларға жалбарынып, олардан көмек сұрады. Кездейсоқ ұшып бара жатқан қарға тырнағындағы топырақты түсіріп алды; патшаның басына түсіп, топырақ шашылып қалды, ал құс жақында орналасқан битум мен күкірт жағылған мұнара басына қонды, қарға өз қанаттарымен мұнараға жабысып, пайдасыз ұшып кетуге әуре болды; қасында болған әскерлер оны ұстап алды. Бұл оқиға көріпкелден сұрауға тұрарлық көрінді және Александрдың өзі де ырымшылдықтан алыс болған емес еді. Сонымен, үлкен сенімге ие астролог бұл оқиғаның қаланың берілуін білдіретінін түсіндірді, алайда ол кезде патшаның өзі де жаралануы мүмкін деген қауіп бар екенін де айтты. Патша осы қаланың оған Египетке еркін кіру жолында жалғыз кедергі болуына өкінгеніне қарамастан, көріпкелді тыңдап, кері қайту туралы бұйрық берді”. Дін билігі дүниетанымдық сипатқа ие, сенетін адам оған бағынады, ал сенбейтін бағынбайды және сол үшін оны ешкім жазаламайды. Саяси билік – бұл зорлық пен мәжбүрлеушілік. Көбісінің оны жақтырмайтыны, ұнатпауы және одан бас тартуы табиғи нәрсе. Мысалы, анархисттер билікті нағыз зұлымдық деп қабылдап, одан барлық мүмкін жолдармен құтылу керек деп есептеді. М.А.Бакунин еуропалық елдердің революциялық қозғалыстарды басудағы олардың көтерілген халыққа қарсы әскер мен полицияны қолдану әрекеттерін зерттеп, жалпы теориялық қорытынды жасайды: “Мемлекет, себебі мемлекет зорлықты білдіреді, зорлық арқылы үстемдік ету болашақ қоғамда еш мемлекет билігінің болмауына әкеледі”.

Әрине, анархисттер қателесті. Билік, айтылып кеткендей, қоғамның имманенттік сипаты, сол үшін ол сәйкес билік құрылымынсыз қызмет ете алмайды. Адамдар биліктен қорқады, бірақ сонымен қатар, егер қоғамда аномальды оқиғалар орын алса – қылмыс, ұрлық, т.б. – биліктің жоқтығына наразылық білдіреді. Биліксіздік не қоғамдық өмірдің барлық салаларының дезинтеграциясына және ақыр аяғында оның өліміне, не диктатураның орнауына әкеледі. Ұлы Қазан социалистік революциясы қарсаңындағы жағдайды алайық. Революцияның қарсыластары оның диктатураны орнықтырғанын және соның салдарынан миллиондаған адамдардың қазасына әкелгендігін айтады. Биліксіздік жағдайын Қазан революциясының қарсыласы, бірақ объективті зерттеуші Н.А.Бердяев жақсы сипаттады. Алдын ала ұзақ дәйексөз үшін кешірім сұраймын: “Әскер мен соғысты ажырату хаос пен анархияны тудырады. Ресей осындай хаос пен анархия алдында тұрды. Бұрынғы билік бар өнегелі беделінен айырылды. Оған сенген жоқ және соғыс кезінде оның беделі тіптен төмендеп кетті... Ақпан төңкерісінен кейін келген

жаңа либералды демократиялық билік ұйымдастырушылық күші болмаған дерексіз гумандық принциптерді жария етті.

Уақытша үкімет бар үмітін Құрылтай жиналысына артты, жауынгерлер майданнан қашуға және ұлттық соғысты әлеуметтік соғысқа айналдыруға дайын болған кезде, ол хаос пен анархия атмосферасында игі сезімнен соғысты жеңіске біржола жеткенше жалғастыруға ниетті болды. Тек диктатура ақырғы ыдырау үрдісін және хаос пен анархияның жеңісін тоқтата алды. Бүлікші бұқараға ұйымдасып, тәртіпке келетіндей ұран беру керек болды, жұқтыратын нышандар қажет болды. Сол сәтте Лениннің дайындаған большевизмі, бір жағынан, ыдырауды аяқтайтын, екінші жағынан, жаңасын ұйымдастыратын жалғыз күш болып табылды. Тек большевизм жағдайды билеуге икемді болып, бұқаралық түйсік пен шынайы арақатынасқа сәйкес болды”. Егер билікті большевиктер алмаса, басқа біреулер алар еді, бұған дәлел ретінде генерал Корниловтың тамыз бүлігін айтуға болады. Тәж жерде жатты және оны кез келген көтере алатын.

Билік және абырой. Билік пен абыройды шатастыруға болмайды. Субъект билікке ие болып, абыройға ие болмауы мүмкін, бірақ билікті иемдену абыройды да иемденуді жоққа шығармайды. Субъект абыройға уақыт өте келе және қоғамға, ұжымға, топқа, саяси партияға, мафияға, т.б. өзінің қызметі арқылы пайдасын әкеліп ие болады. Абыройға ие адам кеңес пен ұсыныстар береді, олармен санасуға да, сонымен бірге елемеуге де болады. Егер мен өз досымның алдында абыройға ие болсам, онда маған қызықты болған белгілі бір фильмді көруге кеңес бере аламын. Бірақ досым өз еркімен жүре алады. Көптеген көрнекті тұлғалар (жазушылар, ғалымдар, суретшілер, т.б.) ешқандай билікке ие болмай, қоғамда мәдениет қоймасына қосқан үлесі арқылы абырой мен беделге ие. Билік иелеріне келсек, олар өз абыройларын халық алдында игі істермен жинайды. Римдік императорлар Нерон мен Калигула шексіз билікке ие болды, бірақ рим халқының арасында еш беделі болмады және оларды өлтірген кезде ешкім өкінген емес. Алайда Юлий Цезарь тек қана үлкен билікке ғана емес, бірақ сондай-ақ едәуір абыройға ие болды, оның өлімінен кейін, Гай Светопий Транквилл жазғандай, халық форумда оған колонна орнатып, оның бөктерінде құрбан шалып, патша атымен ант берді. Билік түрлері. Жалпы түрде ішкі, сыртқы, “табиғи”, және институционализацияланған билік түрлерін ажыратуға болады. Ішкі билікке билік объектісінің ішкі табиғатынан шығатын билік жатады. Осылай, ұжым тиімді қызмет атқаратын билік механизмдерін қажетсінеді. Кең мағынада алғанда, билік кез келген әлеуметтік феноменге имманентті. Сыртқы билік – бұл объектінің ішкі табиғатынан шықпайтын билік. Ол бөтен адамның еркіне бағынуды, өзінің тәртіптері мен өмір салтын міндеттеуді шамалайды. Осылайша, жеңген мемлекет жеңілген мемлекетті өзіне бағынуға, өз өмірін жеңуші мемлекеттің түсініктеріне сәйкес қайта құруға мәжбүрлейді. Мұндай билік уақыт өте келе қарсыласуды тудырады, егер жеңілген мемлекет жеткілікті түрде күшке ие болса, ақыры одан құтылады.

## **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Смирнов Б.А. Политическая сфера общества. М., 2010
2. Поздняков Э.А. Философия политики. М.,2014
3. Дугин А.Г. Философия политики М., 2012
4. Анджей Шахай, Марек Якубовски. Философия политики. М.,2011
5. Гаджиев К.С. Политическая философия. М.,2009
6. Панарин А.С. Философия политики М.,2008
7. Пернацкий В.И. Философия политики и права. Учебное пособие.М.,2012
8. Касымжанов А.Х. Портреты: Штрихи к истории Степи Вып.1 Алматы:Ун-т "Кайнар",1995
9. Сегизбаев О.А. Казахская философия XV-XXвека.Алматы: Ғылым,2001
- 10.Әлемдік философиялық мұра. 20 томдық. – Алматы, 2005-2008
- 11.Батыс философиясы: бастауынан бүгінгі күнге дейін: оқулық / Дж. Реале, Д. Антисери ; ред. Т. Х. Ғабитов. – Алматы., 2012.
12. Мырзалы С.Философия– Алматы, 2008.
13. Хасанов М. Петрова В.Джамбаева Б. Философия. А.,2014ж
14. Татьяна Хвостовицкая. Philosophy and Politics / Философия и политика. М.,2009
- 15.Гуторов В.А. Философия политики за рубежа тысячелетий : судьба классической традиции. Полис. 2001
- 16.Василенко И.А. Политическая философия. М.,2004. 204-с
- 17.Гобозов И.А. Философия политики. 1998. - 154 с
- 18.Каспэ С. Политическая форма и политическое зло. 2016. — 216 с
- 19.Макаренко В.П. Аналитическая политическая философия